

## II. САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

### 2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1. Келесілердін салдарынан туындаған шығындар өтелеуі жатайды:

- 2.1.1. ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жұқтыру әсері, әскери әрекеттер, азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай бүлік немесе ереуілдер;
- 2.1.2. Сақтанушымен Шартты жасау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтамау;
- 2.1.3. қажетті қорғану және аса маңызды түрде жасалған әрекеттерден басқа, сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның туындауына ықпал етуге бағытталған Сақтанушының (Сақтандырылушының) қасақана әрекеттері;
- 2.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшіліктік құқық бұзушылық деп танылған Сақтанушының (Сақтандырылушының) әрекеттері;

- 2.2. Барлық жағдайларда келесі себептер, оқиғалар немесе әрекеттер салдарынан тікелей немесе жанама туындаған залал өтелеуі жатайды:
- 2.2.1. тиісті рұқсат беру санатымен қолданыстағы жүргізу куәлігі жоқ тұлғаның, сондай-ақ ҚК басқару құқығы Шартпен қарастырылмаған тұлғаны ҚК басқару;
- 2.2.2. ҚК басқарған тұлғаның алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас болу күйінде болу фактісінің расталуы;
- 2.2.3. Шартты жасау кезінде Сақтанушымен Сақтандырушыға жалған мәліметтерді және құжаттарды ұсынуы;
- 2.2.4. ҚК басқарған тұлғаның оқиға орнынан жалтаруы;
- 2.2.5. зиян келтірген тұлғаман Сақтанушыға зиянды тиісті түрде өтеуі;
- 2.2.6. сақтандыру арқылы қорғау кезеңінің әрекет ету мерзімі басталғанға дейін сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның туындауы;

- 2.2.7. иелікке, пайдалануға (жаздау, жалға беру және т.б.) және/немесе оқу немесе спорттық мақсатта беруге ниет білдірген Сақтандырушының келісімінен ҚК пайдалану;
- 2.2.8. жарылғыш заттарды немесе радиоактивті материалдарды тасымалдау, кез келген нысанда радиацияның әсері.
- 2.3. Сақтандырушы мыналар үшін жауап бермейді:
- 2.3.1. ҚК стандартты жабдығы болып табылмайтын мүлікке келтірілген залал;
- 2.3.2. Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін туындаған залал;
- 2.3.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға қажетті құжаттарды ұсынбау немесе Шарттың талаптарымен қарастырылған өзге міндеттерді орындамау бойынша шығындар;
- 2.3.4. (эвакуатордың) көмегімен ҚК тасымалдау жағдайларынан басқа, ҚК тіркеп сүйреу салдарынан оған келтірілген залал;
- 2.3.5. моральдық зиян, жіберіп алған пайда, шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыппұлдары), тауарлық түрін жоғалту.

- 2.3.6. ҚК техникалық ақаулығы салдарынан туындаған шығындарды қоса алғанда, ҚК пайдалану нәтижесінде кейбір тораптардың және бөлшектердің сыну, істен шығу, соның ішінде тегістештердің, қозғалтқыштың бұзылу, тораптардың, агрегаттардың, элементтердің/бөлшектердің немесе ҚК қосымша орнатылған өзге заттардың өзара әрекет етуі салдарынан туындаған залал;
- 2.3.7. оқшаулаудың бұзылу, соның ішінде қысқа тұйықталу; орамдағы тұйықталу, қорпуста тұйықталу; жалғаудың жеткіліксіздігі, өлшегіш, реттегіш аспаптардың және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аспаптардың жұмыс істемеу салдарынан келтірілген залал;
- 2.3.8. табиғи тозу және пайдалану нәтижесінде ҚК және қосымша жабдықтың құнының төмендеу салдарынан туындаған залал.
- 2.4. Сақтандырушы мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған ҚК алып қою, тәркілеу, өз меншігіне алу, тыйым салу немесе жою салдарынан туындаған шығындар үшін сақтандыру төлемін жүргізуден босатылады.
- 2.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту негіздемелері мыналар:
- 2.5.1. Сақтанушымен Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлау;
- 2.5.2. Сақтанушымен сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамау;
- 2.5.3. шығын келтірген кінәлі тұлғадан Сақтанушының шығынның тиісті түрде өтемақысын алуы;
- 2.5.4. Сақтанушымен Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тереуге және онымен келтірілген шығын мөлшерін анықтауға келергі келтіру;
- 2.5.5. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындауы туралы хабарламау;
- 2.5.6. кінәлі тұлғаның қолданыстағы ҚКІ АҚЖ МС Полисі болса.

### 3. САҚТАНУШЫНЫҢ ЖӨНЕ САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІЗ.1.

Сақтанушы құқылы:

- 3.1.1. Сақтандырушыдан Сақтандыру Ережелерінің шарттарын, Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;
- 3.1.2. Шарттың әрекет етуін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 3.1.3. Сақтандырушының келісімімен Шарттың талаптарын өзгертуге;
- 3.1.4. Шартпен қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
- 3.1.5. Шартты жоғалтқан жағдайда, жазбаша өтініш негізінде оның дубликатын алуға;
- 3.1.6. егер залал сомасының мөлшері жүргізілген сақтандыру төлемінен көп болса, сақтандыру сомасы мен нақты залал мөлшері арасындағы айырмашылықты өтеу үшін келтірілген залалға жауап беретін тұлғаман хабарласуға;
- 3.1.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға.
- 3.2. Сақтанушы міндетті:
- 3.2.1. Шартты жасау кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызы бар, оған белгілі барлық мән-жайды, сондай-ақ осы сақтандыру объектісіне қатысты барлық қолданыстағы немесе жасалатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 3.2.2. 3.2.1. Сақтанушының шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер мүлдікті сақтандыру шартының қолдануы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі түрде әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті;
- 3.2.3. Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 3.2.4. сақтандыру жағдайының туындауы туралы оған белгілі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей, осы туралы Сақтандырушыға жедел қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Ауызша хабарлама кейін (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуы тиіс. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) белгілі себептермен аталмыш әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттай растауы тиіс;
- 3.2.5. мүмкін шығындарды алдын алу немесе азайту үшін саналы және қолжетімді шараларды, соның ішінде мүлдікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету бойынша шараларды қабылдауға;
- 3.2.6. құзыреттеріне қарай тиісті органдарға және ұйымдарға (ішкі істер органдарының жол полиция бөлімшесі, өртке қарсы қызмет органдары, медициналық көмек қызметі, апаттан құтқарушы қызмет) ЖКБ және зардап шеккен тұлғалар туралы хабарлауға;
- 3.2.7. ЖКБ орын алған кезде жедел, бірақ уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған сәттен бастап 2 (екі) сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес психикалық белсенді заттарды қабылдау фактісін және мас болу күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге;
- 3.2.8. сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты кері талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 3.2.9. егер сақтандыру төлемін жүргізгеннен кейін Сақтанушыға зиян келтірушімен залал өтеле, сақтандырылған ҚК жөндеуге (қалпына келтіруге) кеткен шығындарды шегеріп, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға қайтаруға;
- 3.2.10. егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Шарт бойынша Сақтанушының/Сақтандырылушының немесе Пайда көрушінің сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара айыратын осындай мән-жай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған талап жою мерзімі ішінде анықталса, Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін 1 (бір) ай ішінде толығымен немесе ішінара қайтаруға;
- 3.2.11. сақтандыру жағдайының туындауын, сонымен қатар келтірілген залалды дәлелдеу ауырталмағын көтеруге;
- 3.2.12. сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген залалдың үшінші тұлғаман қандай да бір түрде өтелеуі туралы Сақтандырушыға жазбаша жедел хабарлауға;
- 3.2.13. сақтандыру төлемін алған кезде, төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдарға жауап беретін тұлғаға қатысты талап ету құқығын Сақтанушымен/Сақтандырылушымен іске асыруға қажетті өзіндегі барлық құжаттарды Сақтандырушыға өткізуге. Сақтандырушыдан сақтандыру өтемақысын алғаннан кейін, Сақтанушы/Сақтандырылушы келтірілген материалдық зиянға жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқықтарынан автоматты түрде Сақтандырушы пайдасына бас тартады.

3.3. Сақтандырушы құқылы:

- 3.3.1. Сақтанушымен ұсынылған ақпаратты, сонымен қатар Шарт талаптарының орындалуын тексеруге;
- 3.3.2. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын, сондай-ақ залал мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге;
- 3.3.3. қажет жағдайда, сақтандыру жағдайының туындау фактісін, себебін, мән-жайын және келтірілген залал мөлшерін растайтын тиісті құжаттарды және ақпараттарды ұсыну туралы құжатретті органдарға сұрау жіберуге. Егер құзыретті органдарда Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз беретін материалдар болса, онда барлық мән-жайды анықтағанға дейін төлем мерзімін кейінге қалдыруға;
- 3.3.4. зақымдалған ҚК және қосымша жабдықты тексеруге немесе зерттеуге, сондай-ақ залал себебін және мөлшерін анықтау бойынша өзге әрекеттерді жүзеге асыруға;
- 3.3.5. егер кінәлі тұлғаның қолданыстағы ҚКІ АҚЖ МС Полисі болса, сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға;
- 3.3.6. Шарт талаптарына сәйкес Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 3.3.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді

жүзеге асыруға.

3.4. Сақтандырушы міндетті:

- 3.4.1. Сақтанушының/Сақтандырылушының осы Шарт талаптарымен таныстыруға, Шарттан туындайтын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 3.4.2. сақтандыру жағдайының туындауы туралы хабарламаны алған кезде оны жедел тіркеуге;
- 3.4.3. сақтандыру жағдайында залалды жою немесе азайту мақсатында Сақтанушымен/Сақтандырылушымен көтерген шығындарды оған өтеуге;
- 3.4.4. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3.4.5. Сақтанушымен/Пайда көрушімен сақтандыру төлемін жүргізу туралы шешім қабылдауға қажетті барлық құжаттар ұсынылмаған жағдайда, соңғы құжатты қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларға хабарлауға;
- 3.4.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға.
- 3.5. Пайда көруші зақымдалған ҚК келтірілген залалды бағалау нәтижесімен Сақтандырушымен тексеруге және танысуға дейін ҚК сақтандыру жағдайынан кейінгі күйін сақтауға міндетті.

### 4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ БАР ОҚИҒА ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ТАРАПТАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- 4.1. Сақтандыру жағдайының белгілеріне не оқиға орын алған кезде Сақтанушы (Пайда көруші) міндетті:
- 4.1.1. ҚК құтқару, залал мөлшерін азайту және қосымша залалдың туындауына ықпал ететін себептерді жою бойынша барлық мүмкін және мақсатты шараларды қабылдауға;
- 4.1.2. оқиға орнына апат комиссарын шақыртуға. Апат комиссарын шақырту апат комиссарының хаттамасымен немесе ұялы оператордың сервис орталығының қонауларды егжей-тегжейлілігімен (басып шығарумен) расталуы мүмкін.
- 4.1.3. Сақтанушы Сақтандырушының үлгісі бойынша сақтандыру жағдайының туындауы туралы өтінішті ұсынуға міндетті. Оқиға орнында осы тармақшамен қарастырылған міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде сақтандыру жағдайының туындауы туралы өтінішті жазбаша нысанда ұсынумен сақтандыру жағдайының белгілеріне не оқиғаның туындауы туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға міндетті. Шартта көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының туындауы туралы өтінішті ұсынбаған жағдайда, дәлелді мән-жайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынады.
- 4.1.4. тиісті уәкілетті органдарға сақтандыру жағдайының белгілеріне не сақтандыру оқиғасының туындауы туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға. Осы тармақшамен қарастырылған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Сақтанушы осы міндеттеменің орындалуына келергі келтірген мән-жайлардың болуын құжаттық растауға міндетті.
- 4.1.5. Сақтандырушының өкілімен ҚК қарау үшін ҚК сақтандыру жағдайынан кейінгі күйінде ұсынуға;
- 4.1.6. Сақтандырушымен өтелеуі жататын шығындардың туындауына алып келген барлық мән-жайды Сақтандырушыға хабарлауға және сақтандыру төлемін жүргізу туралы шешім қабылдауға қажетті барлық қолдағы құжаттарды және материалдарды ұсынуға.

### 5. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

- 5.1. Сақтанушымен/Пайда көрушімен ұсынылатын келесі құжаттар оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін жүргізу негіздемелері болып табылады:
- 5.1.1. Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауы туралы өтініші;
- 5.1.2. Пайда көрушінің банктік деректемелерді көрсетумен немесе қоса ұсынумен сақтандыру төлемін жүргізу туралы өтініші;
- 5.1.3. Сақтанушының және Пайда көрушінің жеке куәлігінің (төлқұжат) көшірмесі, сақтандыру жағдайы орын алған сәтте ҚК басқарған тұлғаның жүргізу куәлігінің көшірмесі;
- 5.1.4. ҚК тіркеу туралы куәлік, меншік иесінің атынан берілген иелік ету, пайдалану және/немесе билік жүргізу құқығын растайтын басқаруға сенімхат;
- 5.1.5. сақтандыру жағдайы орын алған сәтте қолданыста болған Шарттың және ҚКІ АҚЖ МС Полисінің көшірмесі;
- 5.1.6. сақтандыру жағдайы орын алған кезде залалды жою немесе азайту мақсатында Сақтанушы/Сақтандырылушы көтерген шығындарды растайтын құжаттар;
- 5.1.7. ҚК есептелген амортизациясын (тозуы) алып тастағанда, зақымдалған ҚК қалпына келтіру құнын есептеумен Сақтандырушымен құрастырылған залалды есептеу (калькуляция);
- 5.1.8. сақтандыру жағдайының белгілеріне не оқиғаның туындауын растау үшін – уәкілетті органдармен куәландырылған құжаттар: ЖКБ туралы хаттама көшірмесі, ЖКБ хаттамасына және сұлбасына толықтыру; оқиға орнын қарау көшірмелері, әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКБ қатысушыларының медициналық куәландыру анықтамалары, әкімшіліктік полиция комитетіне ЖКБ қатысушыларының түсініктемелері, әкімшіліктік полиция комитетімен және сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның тереуге, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құқық қорғау органдарымен (тергеу және т.б.) жасалған өзге құжаттар немесе сақтандыру жағдайының туындауын растайтын факт, соның ішінде заңды күшіне енген соңғы процессуалдық шешім (қаулы).
- 5.1.9. Кейбір жағдайларда, егер құжаттардың болмауы салдарынан сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін анықтау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтерді алу талап етілсе, Сақтандырушы ұсынылуы Шарттың 5.1 тармағында қарастырылмаған құжаттарды талап етуге құқылы.

### 6. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӨНЕ ШАРТТАРЫ

- 6.1. Сақтандыру төлемі Шартпен белгіленген сақтандыру сомасы шегінде нақты залал мөлшерінде Пайда көрушіге жүргізіледі.
- 6.2. Шарттың 5-тарауында қарастырылған барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды және сақтандыру төлемін жүргізеді немесе Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауапты 5 (бес) жұмыс күн ішінде жібереді.
- 6.3. Егер уәкілетті органдардан қосымша ақпарат алу және (немесе) Сақтандырушыдан сақтандыру жағдайына байланысты мән-жайларды анықтау бойынша шараларды жүргізу талап етілсе, Сақтандырушы бұл мерзімді Сақтанушыға осы туралы хабарлау арқылы 3 (үш) айға соза алады.
- 6.4. Мүлдікті зақымдау кезінде келтірілген зиян мөлшері сақтандыру жағдайына дейін туындаған мүлдіктің есептелген амортизациясын (тозуын) алып тастағанда, зақымдалған мүлдікті қалпына келтіру құнын есептеумен Сақтандырушымен анықталады. Зақымдалған мүлдікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы туындаған күні қолданыста болған нарықтық бағаларға сүйеніп есептеледі.
- 6.5. Мүлдікті жою кезінде келтірілген зиян мөлшері сақтандыру жағдайы туындаған күнгі нарықтық бағаларға сүйеніп Сақтандырушымен есептеледі. Егер мүлдікті қалпына келтіру техникалық мүмкін болмаса немесе экономикалық негізсіз болса, ол жойылған болып саналады. Егер мүлдікті қалпына келтіруге күтілген шығындар сақтандыру жағдайы туындаған күнгі оның нарықтық құнының сексен пайызынан асса, мүлдікті қалпына келтіру экономикалық негізсіз болып саналады.
- 6.6. Сақтандыру төлемін өз уақытында жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауап береді.
- 6.7. Залалды жою немесе азайту мақсатында Сақтанушы/Сақтандырылушы көтерген шығындар, егер мұндай шығындар қажет болса немесе тіпті тиісті шараларды жүргізу сәтсіз болып, Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, Сақтандырушымен өтелеуі жатады. Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығындардың жалпы өтемақы сомасы Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар Сақтанушымен Сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толығымен өтеледі. Аталған шығындар оларды көтерген тікелей тұлғаға Сақтандырушымен өтеледі.
- 6.8. Әртүрлі себеппен туындаған бірнеше залалдар бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.
- 6.9. Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына қатысты сотқа шағымдана алады.

### 7. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮРГІЗУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕМЕСІ.1.

- Сақтанушымен Шарт талаптары, Сақтандыру ережелері және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда, сондай-ақ Шартпен, Сақтандыру ережелерімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа негіздемелер бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
2. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындауы туралы хабарламағанда немесе өз уақытында хабарламаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы.
3. ЖКБ әрбір қатысушысының кінәсін анықтау және олардың арасында жауапкершілікті теңдей бөлу (ЖКБ қатысушыларының екі жақты кінәсі) мүмкін болмаған жағдайда, Сақтандырушы толығымен немесе ішінара сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға құқылы.
- 7.4. ҚКІ АҚЖ МС Полисінің әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, сондай-ақ сақтандыру жағдайы кезінде ол мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
- 7.5. Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізуден Сақтандырушының босату бірақуатты Сақтандырушыны Сақтандырылушыға және (немесе) Пайда көрушіге сақтандыру төлемін жүргізуден босатады. Бұл ретте Жәбірленушілерге зиянды өтеу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте толығымен зиян келтірушіге жүктеледі.

### 8. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӨНЕ ТОҚТАТУ

- 8.1. Қажет жағдайда Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеруі мүмкін. Шартқа барлық өзгерістер және толықтырулар Шартқа қосымша келісім жасау және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қою арқылы оларды жазбаша ресімдеген жағдайда, заңды күшке ие болады.
- 8.2. Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған міндеттемелерді тоқтатудың басқа негіздемелерінен өзге, Шарт келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 8.2.1. оның әрекет ету мерзімі аяқталғанда;
- 8.2.2. Шартты жарамсыз деп тану туралы сот шешім қабылдағанда;
- 8.2.3. Сақтандыру жағдайы туралы Шарттың әрекет ету кезеңінде бірінші туындаған сақтандыру төлемі Сақтандырушымен жүргізілгенде;
- 8.2.4. Шарт талаптары бір Тараппен бұзылған жағдайда, екінші Тараптың талабы бойынша;
- 8.3. Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы Тараптар Шартты болжамды бұзу мерзіміне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде бір-біріне хабарлауға міндетті.

8.4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағымен қарастырылған негіздемелер бойынша Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:  
(СП – 40%\*СП)/N\*n, мұндағы:  
СП – Шарт бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы,  
40% - істі жүргізуге кеткен Сақтандырушының шығындары,  
N – Шарттың әрекет ету мерзімі (күндермен),  
n – Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін қалған күндер саны.  
8.5. Сақтанушының талабы бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, егер бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағымен көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.  
8.6. Сақтандырушының кінәсінен Шарт талаптарын орындамау салдарынан Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайларда, Сақтандырушы Сақтанушыға онымен төленген сақтандыру сыйлықақысын толығымен қайтаруға міндетті.

9. СУБРОГАЦИЯ

9.1. Сақтандыру төлемін жүргізген Сақтандырушыға Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда көруші) сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысы бар талап ету құқығы төленген сома шегінде өтеді.  
9.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда көруші) сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі құжаттарды осы талап ету құқығын іске асыру үшін 5.1-тармаққа сәйкес Сақтандырушыға өткізуге міндетті.

10. ФОРС-МАЖОР

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған Тарап, егер тиісті түрде орындау анықталмаған, яғни осы жағдайларда төтенше және ырық бермейтін күш салдарынан болғандығын растаса, мүліктік жауап бермейді.  
10.2. Форс-мажор жағдайлары шектелмей, келесілерді қамтиды: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа табиғи апаттар, соғыс немесе кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, қоршаулар, мемлекеттік органдардың тыйымдары.  
10.3. Форс-мажор жағдайларына ұшыраған Тарап осындай жағдайлардың туындауы туралы басқа Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.  
10.4. Форс-мажор жағдайларының әсері құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

11.1. Шарттан туындайтын барлық даулар келіссөздар арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Сақтандыру ережесінде қарастырылған тәртіпте қарастырылады.Шарт бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте қаралады.  
11.2. Залал себептері және мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, әрбір Тарап сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен Тараптың есебінен жүргізіледі.

12. БАСҚА ШАРТТАР

12.1. Сақтандыру сыйлықақысы, сақтандыру сомасы және сақтандыру төлемінің валюта түрі – теңге.  
12.2. Шарттың мазмұны және талаптары коммерциялық құпия болып табылады. Тараптар қатаң құпиялықты сақтауға міндетті және Шарттың ережелерін, мазмұнын және талаптарын, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талап еткен жағдайдан басқа, бұқаралық ақпарат құралдарына жария етуге құқықсыз.  
12.3. Шартпен қарастырылмаған барлық жағдайлар Сақтандыру ережелеріне сәйкес реттеледі.  
12.4. Шартқа қол қоя отырып, Сақтанушы Сақтандыру ережелерімен өзінің келісетіндігін растайды. Түсінбеушіліктер туындаған жағдайда, Сақтанушы Сақтандыру ережелерін білмейтіндігіне немесе ұсынылмағандығына сілтеме жасауға құқықсыз.  
12.5. Шартқа қол қоя отырып, Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларын сақтаумен Шартты жасағанға дейін және кейін ұсынылған дербес деректерді өңдеуге, қолдануға және сақтауға өзінің келісімін береді.  
12.6. Шарт әрбір Тарапқа бір данадан ұсынылатын заңды күші бірдей 2 (екі) ұқсас данада жасалды.